

**«Кемел кәсіби даму
орталығы»**



**«Kemel kasibi damu
ortalygy LTD»**

**«Мектепті заманауи басқару: көшбасшылық, білім беру сапасы және
команданы дамыту»**

біліктілікті арттыру курсының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80 ақ.сағ.

1. Жалпы ережелер

Курс аннотациясы

Біліктілікті арттыру курсы «Мектепті заманауи басқару: көшбасшылық, білім беру сапасы және команданы дамыту» жалпы білім беретін ұйымдардың басшылық құрамының — мектеп директорлары мен директорлардың орынбасарларының кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Курс бағдарламасы білім мазмұнын жаңарту, цифрлық трансформация және білім беру нәтижелерінің сапасына қойылатын талаптардың артуы жағдайында мектепті басқарудың заманауи тәсілдері туралы тұтас түсінік қалыптастыруға бағдарланған. Оқу барысында тыңдаушылар көшбасшылықтың тиімді модельдерін, стратегиялық және операциялық басқару құралдарын, білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау әдістерін, сондай-ақ басқарушылық және педагогикалық команданы дамыту практикаларын меңгереді.

Курста басқарушылық шешімдер қабылдау үшін деректерді пайдалану, командалық өзара іс-қимылды дамыту, қолайлы кәсіби ахуал қалыптастыру және мектеп қызметінде цифрлық басқару құралдарын енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады. Оқыту тәжірибеге бағытталған сипатта болып, нақты басқарушылық кейстерді талдауды, практикалық тапсырмаларды орындауды және қолданбалы жобаларды әзірлеуді қамтиды.

Курс мектеп басшыларының басқарушылық тиімділігін арттыруға ықпал етеді және Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесінің заманауи талаптарына сәйкес білім беру ұйымының тұрақты дамуына және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Бағдарламаның өзектілігі

Бағдарламаның өзектілігі білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер жағдайында мектептердің басшылық құрамының басқарушылық құзыреттерін жаңарту қажеттілігімен айқындалады. Білім беру ұйымын басқарудың заманауи практикасы директорлар мен директорлардың орынбасарларынан тек әкімшілік функцияларды орындауды ғана емес, сонымен қатар көшбасшылық, стратегиялық жоспарлау, деректерді талдау және командалық өзара іс-қимыл құралдарын меңгеруді талап етеді.

Бағдарлама мазмұны мектептердің басқарушылық командаларының негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытуға, мектепшілік білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға, әдістемелік жұмысты тиімді ұйымдастыруға және педагогтердің кәсіби дамуын сүйемелдеуге деген сұраныстарына жауап береді. Стратегиялық және операциялық басқаруға, академиялық көшбасшылыққа және команданы дамытуға бағытталған модульдерді енгізу мектепті басқаруды өзара байланысты үдерістердің тұтас жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Бағдарламаға басқарушылық құралдарды практикалық қолдануға

бағдарлану ерекше мән береді: білім беру деректерін талдау, оқу нәтижелерін мониторингілеу, тәуекелдерді басқару, қақтығыс жағдайларын шешу, қолайлы кәсіби ахуал қалыптастыру. Басқарушылық қызметте цифрлық технологияларды пайдалану, құжат айналымын оңтайландыру және білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен тиімді коммуникацияны жолға қоюға ерекше емпін жасалған.

Бағдарламаны іске асыру басқарушылық шешімдердің сапасын арттыруға, басқарушылық және педагогикалық командаларды нығайтуға, сондай-ақ мектептің тұрақты дамуына және білім беру сапасын арттыруға жағдай жасауға ықпал етеді.

Жалпы мемлекеттік басымдықтармен және әлемдік трендтермен байланысы

Жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысы

Бағдарлама мазмұны Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың жалпы орта білім беру сапасын арттыруға және білім беру ұйымдарын басқарудың тиімділігін күшейтуге бағытталған негізгі басымдықтарына сәйкес келеді. Бағдарлама мектептердің басшы кадрларының кәсіби құзыреттерін дамыту, басқарушылық командалардың рөлін күшейту және білім беру ұйымдарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету міндеттерін ескереді.

Бағдарлама аясында нәтижеге бағдарланған басқаруды енгізу, білім беру сапасын қамтамасыз етудің мектепшілік тетіктерін дамыту, педагогтерге әдістемелік қолдау жүйесін жетілдіру және мектепте қолайлы кәсіби ахуал қалыптастыру басымдықтары көрініс тапқан. Басқарушылық үдерістерді цифрландыруға, электрондық жүйелер мен аналитикалық деректерді басқарушылық қызметте пайдалануға, сондай-ақ басқарушылық шешімдердің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыруға елеулі көңіл бөлінеді.

Әлемдік білім беру трендтерімен байланысы

Бағдарлама білім беру менеджменті мен мектеп көшбасшылығы саласындағы жетекші әлемдік үрдістермен сабақтастырылған. Оның мазмұнында дәстүрлі әкімшілік басқарудан ынтымақтастыққа, сенімге және білім беру нәтижелері үшін ортақ жауапкершілікке негізделген бөлінген және командалық көшбасшылыққа көшу үдерісі көрініс тапқан.

Бағдарлама деректерді талдау, сапаны ішкі бағалау жүйелері және басқарушылық шешімдер қабылдауда дәлелді тәсілдерді пайдалану арқылы білім беру сапасын басқаруға бағытталған халықаралық фокусты ескереді. Академиялық көшбасшылық, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау, тәлімгерлік және тұрақты кәсіби қауымдастықтарды қалыптастыру мәселелері маңызды орын алады.

Бағдарлама цифрлық басқару құралдарын, онлайн-коммуникацияны пайдалану және цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қамтитын білім берудің цифрлық трансформациясының жаһандық трендтерін көрсетеді. Педагогтердің әл-ауқатына, басшылардың эмоциялық интеллектісін дамытуға және оң мектептік ахуал қалыптастыруға күшейтілген назар аудару

да білім беру ұйымдарының тұрақты дамуына қатысты заманауи халықаралық тәсілдерге сәйкес келеді.

2. Глоссарий

Білім берудегі көшбасшылық — мектеп басшысының білім беру ұйымының дамуына ықпал ету, ортақ көзқарасты қалыптастыру, педагогикалық ұжымды ынталандыру және білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету қабілеті.

Басқарушылық шешім — мектепті дамыту міндеттерін шешуге және білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған басшының немесе басқарушылық команданың саналы іс-әрекет таңдауы.

Этикалық көшбасшылық — кәсіби этика, жауапкершілік, әділеттілік, тұлғаны құрметтеу және іскерлік мінез-құлық нормаларын сақтау қағидаттарына негізделген басқару.

Басқарушылық жауапкершілік — басшының өз құзыреті шеңберінде шешімдер қабылдау және олардың салдары үшін жауап беру міндеті.

Өзін-өзі басқару (самоменеджмент) — басшының өз қызметін тиімді ұйымдастыру, уақытты, ресурстарды және эмоциялық жай-күйді басқару қабілеті.

Кәсіби күйіп кету — басқарушылық қызметтегі ұзақ мерзімді жүктемелер мен стресс салдарынан туындайтын эмоциялық және кәсіби сарқылу жағдайы.

Мектепті дамыту стратегиясы — ішкі және сыртқы жағдайларды ескере отырып, білім беру ұйымының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспары.

Жобалық басқару — нақты мақсаттары, мерзімдері, ресурстары және күтілетін нәтижелері бар жобаларды іске асыруға негізделген басқару тәсілі.

Үдерістерді басқару — мектептің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзара байланысты іс-әрекеттер мен рәсімдерді ұйымдастыру және үйлестіру.

Тәуекелдерді басқару — мектеп қызметіне әсер ететін ықтимал теріс факторларды анықтау, талдау және оларды азайту.

Дағдарыстық жағдай — білім беру ұйымының тұрақты жұмысын бұзатын күтпеген оқиға немесе жағдайлар жиынтығы.

Білім беру сапасы — білім беру нәтижелерінің белгіленген талаптар мен білім беру үдерісіне қатысушылардың күтілімдеріне сәйкестік деңгейі.

Білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі (БСІБЖ / ВСОКО) — мектеп деңгейінде білім беру үдерісінің сапасын бағалау және арттыру тетіктері мен құралдарының жиынтығы.

Академиялық көшбасшылық — әдістемелік жұмысты және педагогтердің кәсіби дамуын қолдау арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық қызмет.

Білім беру деректері — оқу нәтижелері, сабаққа қатысу, білім алушылардың жетістіктері және білім беру үдерістерінің тиімділігі туралы ақпарат.

Әдістемелік жұмыс — педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жүйесі.

Инновациялық практикалар — оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тәсілдер мен әдістер.

Командалық жұмыс — рөлдерді бөлуге, өзара жауапкершілікке және ынтымақтастыққа негізделген білім беру үдерісіне қатысушылардың бірлескен қызметі.

Ынталандыру (мотивация) — педагогтер мен қызметкерлерді тиімді кәсіби қызметке жетелейтін факторлардың жиынтығы.

Қызметті бағалау — еңбек тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында педагогтер мен қызметкерлер жұмысының нәтижелерін талдау үдерісі.

Командалық коммуникация — басқарушылық және педагогикалық команда мүшелері арасындағы ақпарат алмасу және өзара іс-қимыл.

Қақтығыстарды реттеу — келіспеушіліктер мен карама-қайшылықтарды конструктивті тәсілдермен шешу үдерісі.

Тәлімгерлік — тәжірибе алмасуға және кәсіби дамуды қолдауға негізделген кәсіби сүйемелдеу нысаны.

Психологиялық ахуал — ұжымдағы бірлескен қызметтің тиімділігіне әсер ететін эмоциялық орта.

Цифрлық трансформация — тиімділікті арттыру мақсатында мектептің басқарушылық және білім беру үдерістеріне цифрлық технологияларды енгізу.

Басқарудың цифрлық технологиялары — мектеп қызметін жоспарлау, талдау және ұйымдастыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және онлайн-құралдар.

Электрондық құжаттама — цифрлық форматта жасалатын және сақталатын басқарушылық құжаттар.

Цифрлық қауіпсіздік — мектептің деректері мен цифрлық ресурстарын рұқсатсыз қолжеткізуден қорғау шараларының жиынтығы.

Дербес деректер (персоналдық деректер) — нақты жеке тұлғаға қатысты және қорғауға жататын ақпарат.

Онлайн-коммуникация — цифрлық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беру үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі.

3. Бағдарламаның тақырыбы

Бағдарламаның жаңашылдығы

Бағдарламаның жаңашылдығы мектептің басқарушылық командасының басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған тұтас және тәжірибеге бағдарланған тәсілінде көрініс табады. Әкімшілік аспектілерге басымдық беретін дәстүрлі бағдарламалардан айырмашылығы, басқару көшбасшылықты, білім беру сапасын қамтамасыз етуді, команданы дамытуды және цифрлық басқару құралдарын пайдалануды қамтитын өзара байланысты үдерістер жүйесі ретінде қарастырылады.

Бағдарламаның ерекшелігі — басқарудың командалық моделіне

бағдарлануы, онда директорлар мен директорлардың орынбасарлары рөлдер мен жауапкершілікті нақты бөлу арқылы бірыңғай басқарушылық команда ретінде әрекет етеді. Мұндай тәсіл бірлескен шешім қабылдау, тиімді өзара іс-қимыл және білім беру мен ұйымдастырушылық үдерістерді келісімді басқару дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бағдарламаның жаңашылдығы басқаруды деректерге негіздей отырып жүзеге асыруға ерекше екпін жасауымен де айқындалады, оған білім беру нәтижелерін талдау, үдерістерді мониторингілеу және басқарушылық шешімдердің тиімділігін жоспарлау мен бағалау үшін цифрлық құралдарды қолдану жатады. Мазмұнына академиялық көшбасшылықтың заманауи тәсілдері, педагогтердің кәсіби дамуын қолдау және қолайлы мектептік ахуал қалыптастыру мәселелері кіріктірілген.

Бағдарламаның қосымша инновациялық элементі оқытудың практикалық бағыттылығы болып табылады: нақты басқарушылық жағдайлармен жұмыс, өз мектебі үшін қолданбалы шешімдерді әзірлеу және білім беру ұйымының тұрақты дамуына және білім беру сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық жобаларды жасау.

Білім беру жүйесінде аналогтардың бар-жоғына талдау

Білім беру жүйесіндегі қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау көрсеткендей, қолда бар курстардың басым бөлігі не мектептің жекелеген басшыларына (негізінен директорларға), не басқарушылық қызметтің тар бағыттарына — нормативтік-құқықтық сүйемелдеу, әкімшілік басқару, құжаттаманы бақылау мәселелеріне бағдарланған. Мұндай бағдарламаларда, әдетте, командалық басқару идеясы және директор мен директорлардың орынбасарларының келісілген өзара іс-қимылы жеткілікті деңгейде ұсынылмаған.

Қолданыстағы аналогтар көбінесе фрагментарлық сипатқа ие: білім беру сапасы, көшбасшылық, әдістемелік жұмыс, цифрландыру және команданы дамыту мәселелері бөлек-бөлек қарастырылады және мектепті басқарудың бірыңғай моделіне біріктірілмейді. Бұл ретте практикалық құрамдас бөлік нормативтік құжаттарды теориялық зерделеумен шектеліп, нақты білім беру ұйымының шынайы басқарушылық жағдайлары мен міндеттеріне жеткілікті бағдарланбайды.

Ұсынылып отырған бағдарламада аналогтарда жоқ элементтер тұтас жүйеге біріктірілген. Бағдарлама мектептің басқарушылық командасын бірлесіп оқытуға бағытталған, бұл басқарудың мақсаттары, үдерістері мен тетіктері туралы ортақ түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді. Елеулі айырмашылығы — деректерді талдау негізінде білім беру сапасын басқаруға, академиялық көшбасшылықты дамытуға және тұрақты командалық мәдениетті қалыптастыруға басымдық берілуі.

Бағдарлама қолданыстағы курстарды қайталамайды, керісінше олардың мазмұнын толықтырып, кеңейтеді, білім беру жүйесінің заманауи талаптарына және білім беру ұйымдарының сұраныстарына сәйкес келетін мектепті басқарудың кіріктірілген, тәжірибеге бағдарланған тәсілін ұсынады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты — білім беру сапасын қамтамасыз етуге және білім беру ұйымының тұрақты дамуына бағытталған басшылық команданың көшбасшылық, аналитикалық және ұйымдастырушылық құзыреттерін дамыту арқылы мектептегі басқарушылық қызметтің тиімділігін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

мектепті өзара байланысты үдерістер жүйесі ретінде басқарудың заманауи тәсілдері туралы тұтас түсінік қалыптастыру;

мектеп қызметін стратегиялық және операциялық жоспарлау дағдыларын дамыту;

білім беру ұйымы деңгейінде білім беру сапасын қамтамасыз ету және бағалау құралдарын меңгеру;

командалық өзара іс-қимыл, коммуникация және басқарушылық шешімдерді бірлесіп қабылдау саласындағы құзыреттерді нығайту;

басқарушылық практикада білім беру деректері мен цифрлық құралдарды пайдалану дағдыларын дамыту;

алынған білім мен дағдыларды мектептің күнделікті жұмыс тәжірибесіне енгізу үшін жағдай жасау.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде оқытуға қатысушылар:

мектептің күнделікті қызметінде көшбасшылық пен басқарудың заманауи модельдерін қолдана алады;

білім беру үдерісінің сапасын арттыруға бағытталған басқарушылық шешімдерді жоспарлап, іске асыра алады;

білім беру сапасын қамтамасыз етудің мектепшілік жүйесін құрып, оның нәтижелерін педагогтердің жұмысын түзету үшін пайдалана алады;

басқарушылық және педагогикалық команданың тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырып, педагогтердің кәсіби дамуын қолдай алады;

басқарушылық шешімдердің негізділігін арттыру үшін цифрлық құралдар мен аналитикалық деректерді қолдана алады;

білім беру нәтижелерін, кәсіби ахуалды және мектептің тұрақты дамуын жақсартуға ықпал ететін өзгерістерді енгізе алады.

Бағдарламаны іске асыру басқарушылық шешімдердің сапасын арттыру, білім беру үдерісін ұйымдастыруды жетілдіру және педагогикалық ұжымның кәсіби өсуіне жағдай жасау арқылы оқыту нәтижелерінің педагогтердің практикалық қызметіне тікелей әсер етуін қамтамасыз етеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1. Заманауи көшбасшылық және мектепті басқару

Модульдің мақсаты:	Мектептің басқарушылық командасының көшбасшылық және басқарушылық құзыреттерін қалыптастыру және дамыту,
--------------------	--

		басқарушылық қызметтің тиімді шешім қабылдауын, тұрақтылығын және білім беру ұйымында қолайлы кәсіби ахуал қалыптастыруды қамтамасыз ету.
Модульдің міндеттері:		білім берудегі көшбасшылықтың заманауи модельдерінің мәні мен ерекшеліктерін ашу; мектептің басқарушылық командасында директор мен директорлардың орынбасарларының рөлдері мен функцияларын айқындау; өзгерістер мен реформалар жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыру; этикалық көшбасшылық және басқарушылық жауапкершілік қағидаттарын түсінуді дамыту; өзін-өзі басқару және кәсіби күйіп кетудің алдын алу дағдыларын қалыптастыру.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін қатысушылар: мектепті басқаруда көшбасшылықтың заманауи тәсілдерін қолдана алады; басқарушылық командада рөлдер мен жауапкершілік аймақтарын тиімді бөле алады; білім беру жүйесіндегі өзгерістерді ескере отырып, негізделген басқарушылық шешімдер қабылдай алады; кәсіби этика және жауапкершілік қағидаттарына негізделген басқарушылық қызметті жүзеге асыра алады; кәсіби тұрақтылықты сақтау және күйіп кетудің алдын алу үшін өзін-өзі басқару тәсілдерін қолдана алады.
Модуль сипаттамасы:		Модуль білім беру ұйымын тұрақты өзгерістер жағдайында басқару мен көшбасшылықтың заманауи тәсілдерін ашады. Білім берудегі көшбасшылық модельдері, директор мен директорлардың орынбасарлары арасында рөлдер мен жауапкершілікті бөлу ерекшеліктері, реформалар мен белгісіздік жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау тетіктері қарастырылады. Басқарушылардың этикалық көшбасшылығы мен кәсіби жауапкершілігі мәселелеріне, сондай-ақ мектеп басшыларының өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға және кәсіби тұрақтылықты қолдауға

	ерекше назар аударылады.
--	--------------------------

Модуль 2. Мектепті стратегиялық және операциялық басқару

Модульдің мақсаты:	Мектепті стратегиялық және операциялық басқару құзыреттерін дамыту, басқарушылық үдерістердің келісімділігін және жоспарланған білім беру нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету.
Модульдің міндеттері:	мектептің стратегиялық дамуын және оның негізгі құрамдас бөліктерін түсінуді қалыптастыру; операциялық жоспарлау және үдерістерді басқару құралдарын меңгеру; басқарушылық функциялар мен жауапкершілікті бөлу дағдыларын дамыту; тәуекелдерді және дағдарыстық жағдайларды басқару дағдыларын қалыптастыру; басқарушылық шешімдердің тиімділігін мониторингілеу және талдау әдістерін меңгеру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін қатысушылар: мектепті дамытудың стратегиялық және операциялық жоспарларын әзірлей және түзете алады; қойылған мақсаттарға сәйкес басқарушылық үдерістерді ұйымдастыра алады; ықтимал тәуекелдерді ескере отырып басқарушылық шешімдер қабылдай алады; мектепті басқарудың тиімділігін арттыру үшін мониторинг нәтижелерін пайдалана алады.
Модуль сипаттамасы:	Модуль мектепті стратегиялық және операциялық басқару туралы жүйелі түсінік қалыптастыруға бағытталған. Модуль аясында мектепті дамыту стратегиясын әзірлеу және іске асыру үдерістері, қызметті жоспарлау, басқарушылық үдерістерді ұйымдастыру және функцияларды бөлу мәселелері қарастырылады. Тәуекелдерді басқаруға, дағдарыстық жағдайларда жұмыс істеуге және басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау үшін мониторингті пайдалануға ерекше назар аударылады.

Модуль 3. Білім беру сапасы және академиялық көшбасшылық

Модульдің мақсаты:	Мектепте білім беру сапасын басқару құзыреттерін қалыптастыру және академиялық көшбасшылықты дамыту.
Модульдің міндеттері:	білім беру сапасын бағалаудың мектепшілік жүйесінің мәні мен құрылымын ашу; білім беру деректерін және оқу жетістіктерін талдау дағдыларын қалыптастыру; әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін меңгеру; педагогтердің кәсіби өсуін қолдау дағдыларын дамыту; оқыту сапасын арттырудың инновациялық практикаларын қарастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін қатысушылар: білім беру сапасын бағалаудың мектепшілік жүйесін құра алады және жетілдіре алады; басқарушылық шешімдер қабылдау үшін білім беру нәтижелері туралы деректерді пайдалана алады; оқыту сапасын арттыруға бағдарланған әдістемелік жұмысты ұйымдастыра алады; мектепте академиялық көшбасшылық функцияларын жүзеге асыра алады.
Модуль сипаттамасы:	Модуль білім беру ұйымы деңгейінде білім беру сапасын қамтамасыз ету және арттыру мәселелеріне арналған. Білім беру сапасын бағалаудың мектепшілік жүйесін құруға, білім беру нәтижелерін талдауға және басқарушылық шешімдерді түзету үшін деректерді пайдалануға арналған тәсілдер қарастырылады. Модульде басқарушылық команданың әдістемелік жұмысты ұйымдастырудағы, педагогтердің кәсіби дамуын қолдаудағы және мектепте академиялық көшбасшылықты қалыптастырудағы рөлі ашылады.

Модуль 4. Басқарушылық және педагогикалық команданы дамыту

Модульдің мақсаты:	Мектепте командалық өзара іс-қимылды басқару құзыреттерін дамыту және тиімді бірлескен қызмет үшін жағдай жасау.
--------------------	--

Модульдің міндеттері:	білім беру ұйымында командалық жұмыстың қағидаттарын түсінуді қалыптастыру; мектеп қызметкерлерінің қызметін ынталандыру және бағалау дағдыларын дамыту; тиімді коммуникация және қақтығыстарды реттеу құралдарын меңгеру; тәлімгерлік пен кәсіби дамудың тетіктерін қарастыру; қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға арналған тәсілдерді қалыптастыру.
Модульдің күтілетін нәтижелері:	Модульді аяқтағаннан кейін қатысушылар: тиімді басқарушылық және педагогикалық команданы қалыптастырып, дамыта алады; мотивациялау және кәсіби өсуді қолдау әдістерін қолдана алады; конструктивті коммуникацияны жолға қойып, қақтығыстық жағдайларды шеше алады; мектепте оң кәсіби ахуалды қолдай алады.
Модуль сипаттамасы:	Модуль мектепте тиімді командалық жұмысты қалыптастыру және сүйемелдеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Модуль мазмұнында командалық өзара іс-қимыл, мотивация, кәсіби коммуникация, қақтығыстарды реттеу және тәлімгерлікті дамыту мәселелері қарастырылады. Білім беру ұйымында қолайлы кәсіби ахуал қалыптастыруға және тұрақты корпоративтік мәдениетті дамытуға ерекше назар аударылады.

Модуль 5. Цифрлық трансформация және басқарушылық құралдар

Модульдің мақсаты:	Мектепті басқаруда цифрлық құралдарды тиімді пайдалану құзыреттерін қалыптастыру.
Модульдің міндеттері:	басқарушылық қызметте цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін меңгеру; шешім қабылдау үшін деректерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

		цифрлық құралдарды қолдану арқылы басқарушылық үдерістерді оңтайландыру тәсілдерін қарастыру; онлайн-коммуникацияны ұйымдастыру дағдыларын дамыту; цифрлық қауіпсіздік негіздерін түсінуді қалыптастыру.
Модульдің нәтижелері:	күтілетін	Модульді аяқтағаннан кейін қатысушылар: басқарушылық қызметте цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалана алады; басқарушылық шешімдер қабылдау үшін деректерді қолдана алады; цифрлық құралдарды пайдалану арқылы басқарушылық үдерістерді оңтайландыра алады; онлайн-коммуникацияны тиімді ұйымдастыра алады; цифрлық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттарын сақтай алады.
Модуль сипаттамасы:		Модуль мектепті басқарудың заманауи цифрлық құралдарын меңгеруге бағытталған. Модуль аясында басқарушылық үдерістерді цифрландыру, аналитикалық деректерді пайдалану, электрондық құжат айналымы және онлайн-коммуникация мәселелері қарастырылады. Цифрлық қауіпсіздік мәселелеріне және басқарушылық қызметте цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануға ерекше назар аударылады.

80 академиялық сағатқа арналған аудиториялық оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Д ә р і с т е р	П р а к т и к а л ы қ с а б а қ	Се ми на р	Ба р л ы ғ ы
1	Модуль 1. Заманауи көшбасшылық және мектепті басқару				16
1.1	Білім берудегі көшбасшылықтың заманауи модельдері	1	2	1	4
1.2	Басқарушылық командадағы директор мен директор орынбасарының рөлдері	1	1	1	3
1.3	Өзгерістер мен реформалар жағдайындағы басқарушылық шешімдер	1	1	1	3
1.4	Этикалық көшбасшылық және басқарушылық жауапкершілік	1	1	1	3
1.5	Басшылардың өзін-өзі басқаруы және кәсіби күйіп кетудің алдын алу	1	1	1	3
2	Модуль 2. Мектепті стратегиялық және операциялық басқару				16
2.1	Мектепті дамыту стратегиясы: мақсаттар, көрсеткіштер, нәтижелер	2	1	1	4
2.2	Білім беру ұйымындағы жобалық басқару	1	1	1	3
2.3	Мектептегі үдерістерді басқару және функцияларды бөлу	1	1	1	3

2.4	Тәуекелдерді және дағдарыстық жағдайларды басқару	1	1	1	3
2.5	Басқарушылық шешімдерді мониторингілеу және талдау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Білім беру сапасы және академиялық көшбасшылық				16
3.1	Білім беру сапасын бағалаудың мектепшілік жүйесі	2	1	1	4
3.2	Білім беру деректерін және оқу жетістіктерін талдау	1	1	1	3
3.3	Педагогтердің кәсіби қызметін қолдау және дамыту	1	1	1	3
3.4	Мектептегі әдістемелік жұмыстың заманауи тәсілдері	1	1	1	3
3.5	Оқыту сапасын арттырудың инновациялық практикалары	1	1	1	3
4	Модуль 4. Басқарушылық және педагогикалық команданы дамыту				16
4.1	Мектептің тиімді басқарушылық командасын қалыптастыру	2	1	1	4
4.2	Педагогтер мен қызметкерлердің қызметін ынталандыру және бағалау	1	1	1	3
4.3	Командалық коммуникация және қақтығыстарды реттеу	1	1	1	3
4.4	Кәсіби даму және тәлімгерлік	1	1	1	3
4.5	Мектептің психологиялық ахуалы және корпоративтік мәдениеті	1	1	1	3
5	Модуль 5. Цифрлық трансформация және басқарушылық құралдар				16
5.1	Мектепті басқарудағы цифрлық технологиялар	2	1	1	4
5.2	Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін деректерді пайдалану	1	1	1	3
5.3	Электрондық құжаттама және басқарушылық үдерістерді оңтайландыру	1	1	1	3
5.4	Цифрлық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау	1	1	1	3

5.5	Педагогтермен, білім алушылармен және ата-аналармен онлайн-коммуникация	1	1	1	3
Барлығы					80

80 академиялық сағатқа арналған қашықтан оқытудың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Бейнесабактар	Вебинар	Тыңдаушының өзіндік жұмысы	Барлығы
1	Модуль 1. Заманауи көшбасшылық және мектепті басқару				16
1.1	Білім берудегі көшбасшылықтың заманауи модельдері	1	2	1	4
1.2	Басқарушылық командадағы директор мен директор орынбасарының рөлдері	1	1	1	3
1.3	Өзгерістер мен реформалар жағдайындағы басқарушылық шешімдер	1	1	1	3
1.4	Этикалық көшбасшылық және басқарушылық жауапкершілік	1	1	1	3
1.5	Басшылардың өзін-өзі басқаруы және кәсіби күйіп кетудің алдын алу	1	1	1	3
2	Модуль 2. Мектепті стратегиялық және операциялық басқару				16
2.1	Мектепті дамыту стратегиясы: мақсаттар, көрсеткіштер, нәтижелер	2	1	1	4
2.2	Білім беру ұйымындағы жобалық басқару	1	1	1	3
2.3	Мектептегі үдерістерді басқару және функцияларды бөлу	1	1	1	3

2.4	Тәуекелдерді және дағдарыстық жағдайларды басқару	1	1	1	3
2.5	Басқарушылық шешімдерді мониторингілеу және талдау	1	1	1	3
3	Модуль 3. Білім беру сапасы және академиялық көшбасшылық				16
3.1	Білім беру сапасын бағалаудың мектепшілік жүйесі	2	1	1	4
3.2	Білім беру деректерін және оқу жетістіктерін талдау	1	1	1	3
3.3	Педагогтердің кәсіби қызметін қолдау және дамыту	1	1	1	3
3.4	Мектептегі әдістемелік жұмыстың заманауи тәсілдері	1	1	1	3
3.5	Оқыту сапасын арттырудың инновациялық практикалары	1	1	1	3
4	Модуль 4. Басқарушылық және педагогикалық команданы дамыту				16
4.1	Мектептің тиімді басқарушылық командасын қалыптастыру	2	1	1	4
4.2	Педагогтер мен қызметкерлердің қызметін ынталандыру және бағалау	1	1	1	3
4.3	Командалық коммуникация және қақтығыстарды реттеу	1	1	1	3
4.4	Кәсіби даму және тәлімгерлік	1	1	1	3
4.5	Мектептің психологиялық ахуалы және корпоративтік мәдениеті	1	1	1	3
5	Модуль 5. Цифрлық трансформация және басқарушылық құралдар				16
5.1	Мектепті басқарудағы цифрлық технологиялар	2	1	1	4
5.2	Басқарушылық шешімдер қабылдау үшін деректерді пайдалану	1	1	1	3
5.3	Электрондық құжаттама және басқарушылық үдерістерді оңтайландыру	1	1	1	3
5.4	Цифрлық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау	1	1	1	3

5.5	Педагогтермен, білім алушылармен және ата-аналармен онлайн-коммуникация	1	1	1	3
Барлығы					80

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша оқу үдерісі мектептің басқарушылық командасының басқарушылық және көшбасшылық құзыреттерін дамытуға бағытталған және офлайн және қашықтан оқыту форматтарында жүзеге асырылады.

Оқыту форматы

Офлайн формат (аудиториялық оқыту)

Оқу орталығы базасында ұйымдастырылады және дәрістік және практикалық сабақтарды, тренингтерді, семинарларды, басқарушылық кейстермен жұмысты, топтық талқылауларды және оқытушылардың консультацияларын қамтиды.

Қашықтан формат (онлайн-оқыту)

Google Classroom, Moodle және Microsoft Teams білім беру платформаларын пайдалану арқылы іске асырылады. Вебинарларды, бейнедәрістерді, интерактивті практикумдарды, онлайн-дискуссияларды, консультацияларды және цифрлық басқарушылық құралдарды қолдана отырып тыңдаушылардың өзіндік жұмысын қамтиды.

Курстың жалпы көлемі-80 академиялық сағат

Оқу ұзақтығы-10 күн

№	Модуль атауы	Сағат саны
1	Заманауи көшбасшылық және мектепті басқару	16 акад. сағ.
2	Мектепті стратегиялық және операциялық басқару	16 акад. сағ.
3	Білім беру сапасы және академиялық көшбасшылық	16 акад. сағ.
4	Басқарушылық және педагогикалық команданы дамыту	16 акад. сағ.
5	Цифрлық трансформация және басқарушылық құралдар	16 акад. сағ.
	Барлығы	80 акад. сағ.

Оқу үдерісін ұйымдастыру формалары

Дәрістер және бейнедәрістер — презентациялық және аналитикалық материалдарды пайдалана отырып, мектепті басқарудың теориялық негіздерін ұсыну.

Практикалық сабақтар — басқарушылық жағдайларды талдау, кейстермен жұмыс, басқарушылық шешімдер мен жобалық тапсырмаларды әзірлеу.

